

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/152 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 мамырда № 4783 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № А-6/281 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.06.2015 № А-6/281 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі-егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларының 8 тармағына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . Б е л г і л е н с і н :

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес басым ауыл шаруашылығы да қ ы л д а р д ы ң т і з б е с і ;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

2. «Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30

маусымдағы № А-6/274 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4255 болып тіркелген, «Арқа ажары» және «Акмолинская правда» газеттерінде 2014 жылғы 5 шілдеде жарияланған) қаулысының күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары
Қ . М . О т а р о в қ а жүктелсін .

4. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі С.Кулагин
«КЕЛІСІЛДІ»

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р і
----- А . М а м ы т б е к о в

2015 жылғы 10 04

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2015 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/152
қаулысына 1-қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі

Рет №	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы
1	дәнділер (жаздық бидай)
2	дәнділер (арпа)
3	дәнділер (сұлы, қарақұмық, астыққа тары)
4	бұршақ дәнділер (нут, бұршақ, жасымық)
5	майлы дақылдар, соның ішінде:
	жаздық рапс
	күнбағыс
	шашақты зығыр
	сафлор
	қытай бұршақ
	қыша
	арыш
6	ашық топырақтағы картоп
7	өндірістік үлгідегі тамшылатып суармалау жүйесін қолданумен картоп және баубакша дақылдары
8	ашық топырақтағы баубакша дақылдары
9	азықтықтар (біржылдық шөптер, ағымдағы жылдың көпжылдық шөптері және жайылымдық жерлерді шалғындандыру және (немесе) шабындық жерлерді және (немесе) жайылымдық жерлерді түбегейлі жақсартау мақсаттары үшін себілген көпжылдық шөптер)
10	сүрлемге жүгері

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2015 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/152
қаулысына 2-қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

р/с №	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы	Субсидиялар нормалары (гектарға) теңге
1	дәнділер (жаздық бидай)	300
2	дәнділер (сұлы, қарақұмық, астыққа тары)	650
3	бұршақ дәнділер (нут, бұршақ, жасымық)	650
4	майлы дақылдар, соның ішінде	
	жаздық рапс	8500
	күнбағыс	7000
	шашакты зығыр	3500
	сафлор	3500
	қытай бұршақ	3500
	қыша	3500
	арыш	3500
5	азықтықтар (біржылдық шөптер, ағымдағы жылдың көпжылдық шөптері және жайылымдық жерлерді шалғындандыру және (немесе) шабындық жерлерді және (немесе) жайылымдық жерлерді түбегейлі жақсарту мақсаттары үшін себілген көпжылдық шөптер)	6000
6	сүрлемге жүгері	7500
7	ашық топырақтағы картоп	60000
8	өндірістік үлгідегі тамшылатып суармалау жүйесін қолданумен картоп және баубақша дақылдары	75000
9	ашық топырақтағы баубақша дақылдары	60000
10	өндірістік типтегі қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін, көкөніс дақылдары	3736620,7